



Астана қ.

2023 ж. наурыз-сәуір

Баспасөз хабарламасы

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша «Ақ шағала» республикалық хореографиялық фестиваль-байқауын қашықтық форматта өткізеді.

Фестиваль-байқаудың мақсаты: білім алушылардың хореографиялық, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау, үйлесімді тұлғаны тәрбиелеу және одан әрі дамыту бойынша жүйелі және мақсатты іс-шаралар жүргізу, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға тарту.

Хореография баланың ішкі әлемін дамытудың әмбебап құралы бола отырып, қосымша білім беру жүйесінде ерекше сұранысқа ие және басым бағыттардың бірі болып табылады, өйткені хореография өнерінде тұлғаны дамытудың көптеген формалары енгізілген.

Хореографиямен белсенді түрде танысу нәтижесінде балалар мен жастардың көркемдік талғамы қалыптасады.

Хореография кез келген өнер, театр қызметінің бір түрі сияқты шындықты тануға, дүниені эмоциялық тұрғыда тануда оқушылардың эмоциялық сферасын, эстетикалық сезімдерін ашуға ықпал етеді, оқушылардың жеке тұлғасын шығармашылықпен дамыту арқылы мәдени құндылықтарды сақтау.

Фестиваль-байқау жалпы орта және балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы балалар хореографиялық ұжымдарының – Фестиваль-байқаудың облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалық кезеңдері жеңімпаздарының арасында өткізіледі. Республикалық фестиваль-байқауға қатысушылардың жалпы саны – 160 адам.

Фестиваль-байқауға қатысушылар «Халық биі және халықтық стильдегі би» және «Заманауи би» номинациялары бойынша байқау жұмыстарын ұсынады.

Фестиваль-байқау хореографиялық ұжымның әрбір қатысушысына алғаш рет жаңа би костюмін киюге, өзінің шығармашылық жұмысын көрсетуге, би композициясы арқылы өзінің ішкі әлемін білдіруге тамаша мүмкіндік береді.

Фестиваль-байқаудың қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталады, сондай-ақ «Үздік хореографиялық қойылым», «Би қойылымының ерекшелігі үшін», «Сахналық шеберлігі үшін» номинациялары бойынша үздік байқау жұмыстары анықталатын болады.

Фестиваль-байқаудың нәтижелері www.ziyatker.org сайтында жарияланады.

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондарға хабарласуға болады: + 7 (7172) 64 75 97; e-mail: rumcdo.muz@mail.ru